



Жалағаш жаршысы



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Белес

Елдігімізді танытқан ерен жыл



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді дамыту мен өркендету жолында жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасап, қоғамдық-саяси өмірдегі, әлеуметтік-экономикалық дамудағы іргелі өзгерістер мен табыстарға қысқаша тоқталуды жөн көрдік.

Президент биыл жұмыс сапарымен еліміздің 11 өңіріне барды. Аймақтардағы 60-тан аса өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандармен танысып, жұртшылықпен кездесті. Сондай-ақ ел ішіндегі 41 іс-шараға қатысты. Олардың қатарында форумдар, кеңестер, отырыстар секілді түрлі форматта өткен жиындар бар. Еліміздің саяси және қоғам қайраткерлерімен 137 кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы осы жылы 3 979 құжатты қарап, қол қойды. Оның ішінде 95 заң, 319 жарлық, 81 өкім, 28 отырыс хаттамасы, 3 456 қызметтік құжат қабылданды (25 желтоқсандағы мәлімет бойынша).

Сыртқы саясатта да жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 23 рет шет мемлекетке сапарлады, 19 халықаралық форум мен саммит жұмысына атсалысты. Халықаралық іс-шаралар аясында өзге елдің басшыларымен 27 рет кездесті. Сондай-ақ шет мемлекеттердің және үкіметтердің басшыларымен, басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді. 22 мемлекеттің елшісін сенім грамоталарын қабылдады. Мемлекет басшыларымен 49 мәрте

телефон арқылы сөйлесті.

Енді осы сандармен өрнектелген жұмыс кестесінің барысында ел игілігі үшін жасалған істерге назар аударайық.

Еңбегі, жылбасындағы ақжолтай жаңалықты айта кеткен абзал Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 қаңтарда «Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Жарлыққа қол қойды. Жетіген ауылы Алатау қаласы болып қайта құрылды. Осылайша, келешекте Алматы мен Қонаевтың ортасында бой көтеретін Alatau City қаласының іргесі қаланды. Бірнеше жылдан бері талқыланып келе жатқан жаңа урбанистік жобаны жүзеге асыруға шетелдік инвесторлар айрықша қызығушылық танытып отыр. Президент Сингапур сапарында және одан кейін де әлеуметтік инвесторлармен кездесіп, Алматы агломерациясын өркендеген экономикалық аймаққа айналдыруды көздейтін жобаны жай-жапсарын талқылады.

Ұлт ұпайын түгелдеген Құрылтай

Елдік мәселелер қозғалатын Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы биыл көне Сарайшық жұртында – Атырау облысында өтті. Құрылтайда

ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды. Сонымен қатар Президент бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Осыған орай, биыл Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі туралы Заңға қол қойылды. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза белгілейтін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Вандализм мен өзгенің мүлкіне зиян келтіргені, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, құмар ойынға тәуелділікті азайтуға, кейбір тыйым салуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жасалды. Аталған бастамаларға қатысты заң жобаларын әзірлеуге Парламент депутаттарымен қатар, Ұлттық құрылтай мүшелері де белсенді атсалысты. Осылайша, Президент үнемі айтатын «Заң мен Тәртіп» үстемдігі қоғамда біртіндеп орнығып келеді.

Жалғасы 2-бетте

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Жұмысшы мамандықтарының жылын жариялау туралы

Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- 2025 жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялансын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 25 желтоқсан № 744

Мереке

Ертегілер әлеміне саяхат



Дария деңгейі бақылауда

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларымен бірге Сырдария өзенінің Жалағаш ауданы аумағында Тұрымбет, Қараирім және Шөмен қайыры учаскелеріне дейін мониторинг жұмыстарын жүргізді.



Айта кетейік, Жалағаш ауданы территориясынан Сырдария өзенінің 84,5 шақырымы өтеді. Оның бойында барлығы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. Бүгінде өзен бойында кезекшілік кестесі бекітіліп, бірінші кезекте жұмылдырылатын 12 шаруа қожалықтың 30 техникасы нақтыланған.

Мерәлі Шөменов ауылы манындағы Сырдария өзенінің оң жағалауындағы «Самит арна – Шөмен қайыры» учаскесі аралығы 3855 метр жерге күшейту-нығайту жұмыстары облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы арқылы 32 млн 455 мың 422 теңгеге «RS Жолсервис» ЖШС-мен атқарылды. Бүгінде Шардара су қоймасынан 450 текше метр, Қызылорда платинасынан 310 текше метр, Қараөзек арнасына 15 текше метр және Әйтек су торабына 290 текше метр су келуде. Рейка көрсеткіші – 105 см, абсолюттік көрсеткіш – 112,11 см.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жыл сайын дәстүрге айналған аудан әкімінің бүлдіршіндерге арналған жаңа жылдық шырысасы биыл да балаларға қуаныш сыйлады. Мерекелік шараға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасының балалары, ерекше жағдайдағы балалар мен білім, өнер, спортта жетістікке қол жеткізген талантты да дарынды оқушылардан барлығы 70 бүлдіршін қатысты.

Балалардың қуанышымен бөлісуге арнайы келген аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов бүлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ел болашағы балалар мен жастарға барлық жағдай жасалғанын ерекше атап өтті.

– Жаңа жыл – жаңа арманға жетелейтін, жаңа үміт сыйлайтын ерекше мереке. Осы мерекеде басқосуды бүкіл балалар жыл бойы асыға күтеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев «Болашақтың кілті, елдің өртені – білімді жастар. Мемлекеттің дамуы, өсіп-өркендеуі тікелей жастарға байланысты» деп атап өтті. Сондықтан Сіздер ұлтын сүйейтін Отанын қорғайтын, ата-ананы сыйлайтын, ұстаздарын қадірлейтін, достықты бағалайтын, білімді азаматқа лайық болуларыңыз керек. Шырша тойында өнер көрсетіп сыйлық алатын бүлдіршіндердің қуанышынан артық ештеңе жоқ. Балалардың бақытты өмір сүруі үшін мемлекет тарапынан үнемі қамқорлық көрсетіліп, барлық жағдай жасалып келеді. Аудан бойынша барлық мектеп 100 пайыз турникет, бейнебақылау камералары және интернетпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақсатқа «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 428,9 млн теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ Таң ауылындағы №118 орта мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Оған облыс тай-

қазанынан 78 млн теңге қаралды. «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында кентте орналасқан №201 мектеп-лицейге «Қазақстан халқына» қоры есебінен 250 млн теңге бөлініп, материалдық-техникалық базасын жаңарту және педагогтарды оқыту жұмыстары жүргізілді. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңарту мақсатындағы жұмыстарына 4 мектеп енгізіліп, бұл мақсатқа 983 млн теңге қаралып, тиісті заттар алынды. Аудан бойынша білім деңгейі жоғары болу үшін ауқымды бастамалар жалғасын табады, – деді Ғани Кенжеғараулы.

Айта кетейік, ауыл мектептерінің талантты және білімге құштар оқушыларын анықтау мақсатында қатарынан екінші рет ұйымдастырылған олимпиадада жаңа жылдық жастар тағы да топ жарды. Нақтырақ айтсақ, аудандық, облыстық деңгейлерден сүрінбей өткен 5 оқушымыз республикалық кезеңнен жеңіспен

оралды. Оқушылардың 2-еуі күміс, 2-еуі қола медаль иеленген.

Балаларға қуаныш сыйлаған шарада бүлдіршіндерге мерекелік сыйлықтар табысталып, үлкені де, кішісі де думанның қызықты өтуіне бірге атсалысты. Оқушылар аудан әкімінің орынбасары, білім бөлімінің басшысы және мектеп директорларымен бірге түрлі ойыншықтар мен шамдар ілінген ойыншықтарына айнала жүріп, мереке көркін қыздырды.

Жоғары деңгейде өткен кеште ғажайыпқа толы қойлымызды қойылып, бүлдіршіндер ертегі әлеміне енгендей күй кешті. Балаларға кенінен таныс ертегі кейіпкерлері, жаңа жылдың символына айналған Аяз ата мен Ақшақар шырша қуанышына бірге бөлісіп, балаларға әртүрлі ойындар ұйымдастырды. Одан бөлек балғын балақайлар өз өнерлерін көрсетіп, Аяз атаның сыйлығына көнелді.

– Мен Ақсу ауылындағы №116 мектепте оқимын. Аудан әкімінің шыршасына қатысатынымды білгенде, қатты қуандым. Сіз-

дерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Біз Жаңа жылдық шыршаның айналасына жиналып, мерекені көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алудамыз. Есімізде қалатындай ерекше кеш болуда. Келер жылы баршаңыздың ұшқыр арман-қиялдарыңыз бен ақ тілек-ниеттеріңіз орындалсын. Мен де бильғы оқу жылың үздік аяқтаймын деп мақсат еттім. Аға-апағарымы осындай шырша ұйымдас-тырғанына рахмет айтамын. Үлкендер сенімін ақтап, сапалы білім алып, елге адал қызмет етемін, – деді бүлдіршін Ұлжан Қойшыбек.

Мерекелік шара соңында барлық бүлдіршінге аудан әкімінің атынан тәттілерге толы қоржындар ұлыстырды. Ескі ұлу жылын ризашылықпен шығарып салған балақайлар жылын жылын ыстық ықпалмен қарсы алды. Ертегі желісіндегі мән мен өң, талғам мен сен де едеттегі қойлымыздан өзгешеленген бұл думан балаларға ұмытылмайты әсер қалдырды.

ЖАРЫН

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

Біз қоғам болып балалар шығармашылығын қалт жібермей қадағалап отыруға тиіспіз. Өйткені онда балалардың бүгінгі болмысы мен ертеңгі болашағы көрініс береді. Қолына алғаш қалам алған жас талапкер көкейіндегі барлық ойын, арман-мақсатын ақ қағаздың бетіне төгеді және олардың шығармашылығы тау суындай мөлдір, бұлтсыз аспандай ашық, жасандылықтан ада. Не жазса да оқырманын сөндірмейді. Басылым балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға үздіксіз паш етуде. Енді «Тұма» айдарының кезекті мерекелік нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арнап жазған бір топ өлеңдерін бұл дүниенің бетінде жариялап отырмыз.



Жаңа жер

Ай-жұлдызға жеткен бе ел?
 Күн де алыста от-шеңбер.
 Қарышта адамзат,
 Табысқа Көк пен Жер.

Алы елі жадымын,
 Босады аттан тадымы.
 Қарышта да жол салды,
 Адамзаттың адымы.

Қуды садақ жібесі –
 Ұшты қарыш кемесі.
 Ашылды аспан есігі,
 Соғды көк көбесі.

Селт еткізген сананы,
 Сәтті болды бадымы.
 Адамзаттың ең алғаш,
 Айға тиді табаны.

Урнаға ерік дариды,
 Ар-намысын жаңиды.
 Тоғтар, Талғат, Айдыңы ел,
 «Қаһарман» деп таңиды.

Көз жіберіп алыса,
 Сапар шегіп Марсада,
 Ағаларың жолымен,
 Біз де ұшамыз қарышқа.

Тәуекел мен Ер – егіз,
 Тартынамыз неге біз?
 Аралайды ғаламды,
 Таңғажайып кемеміз.

Ағыл-ойы адамның –
 Жетістігі заманның.
 Қанығамыз қарышта,
 Тылсымына ғаламның.

Шолпаға жол саламыз,
 Күнге жадып барамыз,
 Көп жұлдызды інімен,
 Бір ғаламшар табамыз.

Ауасы бар, суы бар,
 Шөлді, дұмы, нуы бар.
 Биік-биік тауы бар,
 Мәуелеген бауы бар.

Біз сол жаққа барамыз,
 (Бұл ел үшін әлі аңыз),
 Ғаламшарда жан-жаға,
 Қоныс теуіп ғаламыз.

Бос жатпайды маң дала,
 Тұрғызамыз нән бала,
 «Жаңа жер» деп атаймыз,
 Ғаламшарды жан-жаға.

Қарак ойын

Тар көшеде тоңтала,
 Жүгіреді көп бала.
 Алдыда жүр бөрінің,
 Домаланып доп дара.

Таңг жерге тасталып,
 Ойын кеткен басталып.
 Футболға мытың бар бала,
 Бірі допты дапты алып.

Үзеге берік-ті,
 Арнайы ізден келінгі.
 Көрші ауылымен ойлап жүр,
 Командасы Еріктің.

Жейдесі ағ-дара,
 Өздеріне шағ дана,
 Қобылабек – қорғаушы,
 Қанағат тұр қапағана.

Шабұлыны – Жаңдарбек
 және де бар Қамбарбек.
 Ауырсын салмағын,
 Бірсылайды Сардарбек.

Бір-біріне күш қылып,
 Доп төссе де тыс тұрып.
 Естіледі оңайда,
 Төрешіден ысырық.

Көпінгі Ақсар көп төрелеп,
 Айдайлайды «доп бер» деп.
 Шулап жатыр жанкүйер:
 «Аға, Ерік! Соғ то!» деп.

Жанкүйердің бәрі үшін,
 Және жетіс дамы үшін.
 Қорған ғалам дейді Ерік,
 Команданың намысын.

Қарсыласы Муратты,
 дасағана ұзатты.
 Жасы кіші Аянды,
 Түйін кетін жылтаты.

Кейде көңіл болмейді ел,
 Қошметке шөлдейді ер...
 Қалған кезде қапағана,
 Есік иенеп төдей жер:

Қарсыластан өткеріп,
 Допты Қанат жеткеріп.
 Бар күшімен қапағана,
 Шыра көп теңгі Ерік.

Қысы кеткен допты көр!
 Шуыдаған тоқты көр!
 Әжей тұрған үйдегі,
 Терезеге соқты гол.

Жегіле ме көп теңгі?
 – Бізден кішә жоғ! – деді.
 – Ерік тұзу теңкемен,
 Қысығ ұшты доп, – деді.

Тағы да бір жағтасы:
 – Оса! – деді – қапашы.
 (–о боп озгерді,
 Есен-шоттық тағтасы).

– Сөзіміздің бар мәні,
 Жоқ тигідей жалғаны.
 Терезенің айнегің,
 Қорған қала алмады.

Қостайды оны төреші,
 (Қарулық бой! О несі?!)
 Сөйтсек ол да Еріктің,
 Болып шығты бөлесі.

Мұны қалай ағтаймыз?!
 Мұны қалай мағтаймыз?!
 Жанкүйерлер тек қана,
 Әділдікті жағтаймыз.

Ең мықтылар себебі,
 Өз күшіне сенеді.
 Қандай ойын болмасын,
 Тек әділдік жеңеді.

Мемлекеттің нышаны

Егемен еліміз ешкі алған,
 Бар әлем танып, қарасын!
 Әнуран, көк Ту, Елтаңбам,
 Ұлтымның анығтамасын.

Әнураным – айбарым,
 Елтаңбам – ұлттың гүмұры.
 Желбіреді Байрағым,
 Туған жер оның тұғыры.

Менің Отаным

Ғасырлардан жаңғырған,
 Бабаларым қалдырған.
 Ат тұяғын тоздырған,
 Құс қанатын талдырған,
 Ұлан-байтақ далам бар!

Сол далаға жан еңді,
 Салтанатты, мәнерді,
 Зәулім-зәулім сәнді үйлер,
 Тамсаңдырған әлемді,
 Сәулеті асқан далам бар!

Шалқып жатыр шағдары,
 Байлығы да бар тағы.
 Төсі толған түлікке,
 Дөңге толған алдабы,
 Бірыс қонған жерім бар!

Қазыналы қарты бар,
 Дәстүрі мен салты бар.
 Аласармас нарды бар,
 Асабағатан даңғы бар,
 Өркендеген елім бар!



Көл, түстерді түгендейік!

Шығың-шығың етіп төккен ұн,
 Шөжелерім көп менің.
 Барлығын да тең көрем,
 Өз қолымнан жем берем.

Анау шөже снығы –
 Күн мен түннен кінші.
 Жоғ аса бір сән-түрі,
 Көмір түтес ал бірі.

Ал мынаған таңғалма,
 Отқа оранып алған ба?
 Жақын жүрген қапағана,
 Ұсады ұла мағтаға.

Жып-жылы екен реңі,
 Күнмен түтес біреуі.
 Ал мынада көп бедер,
 Ағ пен бара нүктелер.

Болса ағыда күш-көңіл,
 Айырып көр түстерін!

Әсем біздің ауламыз

Ауламызды түсеткі,
 Аулаң түсеті гүл еткі.
 Қалмау үшін дуарып,
 Анышым жүр суарып.

Достығы бар гүлдермен,
 Тұрды-түсеті түрге енген.
 Көбелектер толады,
 Гүлдерге көп болады.

Әсем аула, үйіміз,
 Төгіледі ән-күйіміз.
 Аула іші құлпырып,
 Сұлулыққа түр тұшып.



Шекарашы боламын

Шауілдейді Бөрібасар,
 Күшік емес ол нашар.
 Тек еркелеп көбірек,
 Үйренбей жүр допқа сал.

Малды ауылдың «допаты» –
 Бөріні алған жоқ әлі.
 Бірақ та тым сағ күшік,
 Күзетеді қораны.

Мен әзірге баламын,
 Ертеу ер боп толамын.
 Елді қорғау дұшпаннан,
 Шекарашы боламын.

Отан жайлы жыр әні,
 Мен де осы елдің ұланы.
 Шекараны қорғауға,
 Ит қажет қой бағрағы.

Отаным бағ, мекен,
 Боду керек сағ, бекем.
 Аттанғанда әскерге,
 Күшігіңді аяп кетем.



Бетті дайындаған Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:

СЫРМедиа
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
 Мارات АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
 “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
 Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары,
 жауапты хатшы,
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №2033